

**"2016 жылға арналған мемлекеттік инвестициялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 07 желтоқсандағы № 654 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда № 5671 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. "2016 жылға арналған мемлекеттік инвестициялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5316 тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2016 жылдың 28 қаңтарында жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобалардың Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 1-бөлімінің реттік нөмірі бірінші жолы алынып тасталсын;

2) аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 2- бөлімінің реттік нөмірі екінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

" 2 Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру 3 829"

3) аталған қаулымен бекітілген конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға

арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының Тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2016 жылғы "7" желтоқсандағы №654  
қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303  
қаулысымен бекітілген

**Конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының Тізбесі**

№	Жобаның атауы	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамаларын әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу сомасы, мың теңге
1	2	3
"Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі		
1	Қызылорда қаласындағы жекпе-жек спорт түрлерінің дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға беру	1332
2	Қызылорда қаласы Жанқожа батыр көшесінде ауысымына 400 қабылдауға арналған емхананы ашу	1332
3	Қызылорда қаласындағы "Қорқыт Ата" әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу	1332